

Үржар ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 27-530/VIII шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-9 тармағына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1 бабының 2 тармағына және 68 бабына, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 "Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы" сәйкес, Үржар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үржар аудандық мәслихатының төрағасы

А. Омаров

2025 жылғы 19 қыркүйектегі

№ 27-530/VIII шешіміне

1 қосымша

Тұрғын үй сертификатының мөлшері

1. Әлеуметтік көмек түрі ретінде қарыз сомасының 10 % алайда 1 600 000 (бір миллион алты жүз мың) теңгеден артық емес.

2. Әлеуметтік қолдау түрі ретінде қарыз сомасының 10 % алайда 1 600 000 (бір миллион алты жүз мың) теңгеден артық емес.

3. Тұрғын үй сертификаттары ипотекалық бағдарламада, тұрғын үй құрылысы бағдарламасында немесе "Наурыз" тұрғын үй бағдарламасында көзделген тәртіппен тұрғын үй сатып алу кезінде тізбеге сәйкес өтініш берушілерге беріледі.

2025 жылғы 19 қыркүйектегі

№ 27-530/VIII шешіміне

2 қосымша

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

№	Атауы
1	Ұлы Отан соғысының ардагерлері
2	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер

3	Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері
4	Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар
5	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар
6	Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар
7	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8	Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады
9	Қандастар
10	Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар
11	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар
12	Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары
13	Толық емес отбасылар
14	Асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар)